

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Негізгі орта білім беру деңгейінің
9-сынып оқушыларына арналған оқулық
(оқыту қазақ тілінде емес)

1-бөлім

Шартты белгілер



— сабақ мақсаты



— оқылым



— жазылым



— айтылым



— жұптық жұмыс



— топтық жұмыс



— ЖИ-мен жұмыс



— функционалды сауаттылық тапсырмасы



— БЖБ/ТЖБ



— тыңдалым немесе бейнежазба

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушы!

Қолыңдағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығы – қазақ тілін тереңірек танып, оны күнделікті жағдаяттарда қолдануға жол ашатын сенімді серігің. Биыл сен «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен түрлі танымдық әрі мазмұнды тақырыптармен танысасың.

Солардың қатарында – *«Қазақ жазуының дамуы», «Жолың болсын, жолаушы», «Көшпенділер мәдениеті», «Заң – қоғамның тірегі», «Түркі әлемінің рухани кеңістігі», «Жастар және бұқаралық ақпарат», «Жасампаздық – даму жолы», «Биотехнология жаңалықтары», «Болашақ энергия көздері», «Алаш идеясы мен қайраткерлері», «Жаһандық мәселе: демография»* және басқа да қызықты бөлімдер бар.

Осы тақырыптарды меңгеру арқылы сен:

- мемлекеттік тілде өз ойыңды еркін жеткізуді;
- әлеуметтік және қоғамдық мәселелерді түсініп, өз көзқарасыңды
- еркін білдіруді;
- прозалық және поэзиялық шығармалардағы негізгі ойды анықтауды;
- түрлі стильде сөйлеуді және сенімді диалог құруды;
- ақпараттарды салыстыра бағалап, қорытынды жасауды;
- өз ойыңды дәлелдеп, шағын мақала, аннотация, шолу және эссе жазуды;
- афоризмдер мен сөйлеу этикетін орынды қолдануды;
- автордың көзқарасын анықтап, мәтіннің әсерін бағалайсың.

Оқулықтағы тапсырмалар жүйелі түрде жеңілден күрделіге қарай құрылған. Әрбір бөлім күнделікті өмірмен тығыз байланысты. Тақырыптар ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруге бағытталған.

Бұл оқулықтың ерекшеліктері:

- тілдік дағдыларды дамытатын мазмұн мен тапсырмалар жиынтығы;
- жеке, жұптық және топтық жұмысқа арналған тапсырмалар жүйесі;
- функционалдық сауаттылық пен жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен орындалатын шығармашылық жұмыстар;
- кәсіби бағдарға бағытталған материалдар мен ойлануға жетелейтін тапсырмалар.

Әр сабақ «Ой қозғаудан» басталып, «Ойтаразымен» аяқталады. Бұл саған өз ойыңды еркін жеткізіп, шығармашылықпен ізденуге, тапсырмаларды талдауға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін үйренудегі әр қадамың – сенің рухани байлығың мен тұлғалық дамуыңа қосылған үлес.

Тіл үйрену жолың сәтті, еңбегің нәтижелі болсын!

Ізгі тілекпен, авторлар.

Қазақ жазуы

кириллица жазуы

Қазақ жазуы Латин жазуы

Латын графикасы

«Біздің заман – жазу заманы: жазумен
сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық
дәрежеге жеткен заман»

А.Байтұрсынұлы

I БӨЛІМ

Қазақ жазуының даму жолы

Бөлім бойынша меңгерілетін оқу мақсаттары:

Тыңдалым:

- тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылап, тақырып пен көтерілетін мәселені болжайсыңдар;
- орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдайсыңдар, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірлеріңді білдіресіңдер.

Айтылым:

- берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолданып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрайсыңдар;
- коммуникативтік жағдаяттарға сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойларыңды жеткізесіңдер.

Тілдік бағдар:

- өздік етістің қызметін білесіңдер, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолданасыңдар.

Оқылым:

- ғылыми стильде (мақала) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасайсыңдар;
- мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып, сыни тұрғыда баға бересіңдер.

Жазылым:

- эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстырасыңдар, өз ойларыңды дәлелдеп жазасыңдар;
- тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазасыңдар.

БӨЛІМ АТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ТІРЕК СӨЗДЕР

- I. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ**
дүниетаным, жазба, құлпытас, емле, сия
- II. ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛАУШЫ**
жолсапар, жолсерік, жолазық, жүргінші
- III. КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІ. ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ**
хандық, жұлдызнамашы, жорамал, жәдігер
- IV. ЗАҢ – ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ.**
Заң, ар-намыс, әділет, құқық, жаза, кепіл
- V. ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ КЕҢІСТІГІ**
ұлт, құндылық, түркі әлемі, мәдениет
- VI. ЖАСТАР ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ**
бұқара, басылым, ауқымды, жоба, іргетас
- VII. ЖАСАМПАЗДЫҚ – ДАМУ ЖОЛЫ**
жасампаз тұлға, кемел адам, ғылым, табандылық
- VIII. БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**
ізденіс, жылыжай, жасуша, нәрлі
- IX. БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ**
шарт, тұтастық, қала, кезең, байланыстыр
- X. АЛАШ ИДЕЯСЫ МЕН ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ**
бодандық, абақты, мұрат, мінбер, тұтқында
- XI. ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕ: ДЕМОГРАФИЯ**
заңдылық, неке, аштық, тоқыра, егіз
- XII. РОБОТТАР МЕН КИБОРГТАР ӘЛЕМІ**
адамша, пішін, мінсіз, жабдық, нұсқа
- XIII. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ МЕН ЭКОТУРИЗМ**
демалушы, тартымды, баурай, қолжетімді

1 Қазақ жазуының шығу тегі



Бүгінгі сабақта:

- берілген тақырыпқа сай сөздерді қолданып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрастырасың;
- мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстырып, сыни тұрғыда баға бересің.



Сөздік қор

жазба, төте жазу, қыпшақ, түркі,
ғұн, сақ тайпалары, дыбыс, руникалық жазу


1. Сөздердің мағыналарын есте сақтап, сөйлем құрастырыңдар.

жазба	(қағазға, тасқа) жазылған ақпарат (мәтін, дерек)
төте жазу	арабграфикасына негізделген қазақ жазуының біртүрі
қыпшақ	түркі халықтарының тарихи этникалық тобы
түркі	түркі тілдері мен мәдениетін құрайтын халықтар
ғұн, сақ	ежелгі көшпелі тайпалар
дыбыс	сөйлеу мүшелері арқылы айтылатын, көрінбейтін, ауа толқыны арқылы құлаққа естілетін үн
руника-лық жазу	көне түркі халықтары қолданған, ерекше таңбаларға негізделген ежелгі жазу түрі.

Ой қозғау



2. Мына таңбалар туралы не білесіңдер? Өз ойларыңмен бөлісіңдер.

[illegible]



3. Көне түркі руникалық жазуымен танысыңдар. Руникалық жазудан 3–5 таңбаны таңдап алыңдар. Әр таңбаның қандай дыбысты білдіретінін дәптерлеріңе жазыңдар.

Көне түркі руникалық жазуы туралы ақпарат

Көне түркі руникалық жазуы – VI–VIII ғасырларда Түркі қағанаты дәуірінде қолданылған жазу жүйесі. Бұл жазу ғылымда Орхон–Енисей жазуы деп те аталады.

Ең белгілі ескерткіштері – Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазбалары.

Руникалық жазу негізінен:

- тасқа қашалған;
- оңнан солға қарай оқылады;
- әр таңба белгілі бір дыбысты және кейде мағыналық ұғымды білдірген.



4. Мәтінді мұқият оқыңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.

Қазақ жазуы – халықтың тарихы мен мәдениетінің айнасы. Біздің жазба мәдениетіміздің бастауы – көне түркі руникалық таңбаларынан басталады. Орхон, Талас, Енисей жазбалары – түркі өркениетінің маңызды мұралары. Олар VII–VIII ғасырларда өмір сүрген Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк сияқты тарихи тұлғалардың ерлігін жырлаған.

Келе-келе араб жазуына негізделген ескі қазақ жазуы, XX ғасырда латын және кейін кирилл жазуына көшкен қазақ жазуы – тіл мен саясаттың, мәдениеттің өзара байланысының айғағы.

Қазіргі таңда қазақ жазуын қайтадан латын әліпбиіне көшіру туралы мәселелер көтерілуде. Бұл – тек әліпби ауыстыру емес, сонымен бірге ұлттық сананың жаңғыруы. Сондықтан жазудың тарихын білу – әрбір азаматтың міндеті.

Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келген.

1929–1940 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді.

Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі.

Қазақ жазуы бірнеше тарихи кезеңнен өтіп, ұлттық әліпби деңгейіне жетті. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін А.Байтұрсынұлы реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірген. Ол 30-жылдарға дейін «төте жазу» деген атпен қолданылды.

Көне түркі жазуынан бастап қазіргі әліпбиге дейінгі жол – қазақ халқының мәдени дамуының айғағы.

«Қазақ жазу таңбалары жүйесінің тарихы»

Ашық энциклопедиядан



1. Қазақ жазуы қандай тарихи кезеңдерден өтті?
2. Көне түркі жазба ескерткіштерінде қандай тұлғалар аталады?
3. Қазақ жазуының тарихы туралы не білдіңдер?
4. Күні бүгінге дейін қандай жазулар қолданылып келді?
5. «Төте жазу» деп қандай жазуды атаймыз?



5. Кестені толтырыңдар.

Мәтінде көтерілген мәселе	Менің көзқарасым

6. Кестеде берілген жазу түрлерін сипаттамасымен сәйкестендіріңдер.

1. Орхон-Енисей жазуы	А. Бұл жазу 1940 жылдан бастап қазіргі күнге дейін қолданылып келеді. Кеңес дәуірінде енгізілген және қазақ тіліне бейімделген кирилл әріптерінен тұрады.	
2. Араб жазуы	Ә. Бұл жазу 1929 жылдан бастап 1940 жылға дейін қолданылды. Қазақ тіліне бейімделіп, алғашқы реформаланған әліпби ретінде қабылданды.	
3. Латын графикасы (1929 жылғы нұсқа)	Б. Бұл жазу Х ғасырдан бастап 1929 жылға дейін қазақ даласында қолданылды. Ол негізінен діни, әдеби шығармалар мен оқу құралдарын жазуға пайдаланылды.	
4. Кирилл жазуы	В. Бұл жазу V–VIII ғасырлар аралығында түркі халықтары қолданған ең көне жазу түрі. Ол Орхон және Енисей өзендері бойынан табылған ескерткіштерде кездеседі.	



7. Берілген тіркестерді қолданып, Қазақ жазуының шығу тегі туралы 7-8 сөйлемнен тұратын шағын мәтін құрастырыңдар:

«Руна жазуы», «Орхон», «Күлтегін», «жазба ескерткіш», «тастағы жазу», «әліпби», «жазу тарихы», «құлпытас», «нұсқа», «дәуір».



8. Қазақ тілінің жазу тарихы мен қазіргі әліпбидің өзара байланысын талқылаңдар.

Нұсқаулық:

- әр жазу жүйесінің ерекшеліктері;
- әр кезеңнің қоғамдық, саяси және мәдени контекстегі маңызы;
- жазу жүйелерінің ауысуы қазақ халқының мәдениетін қалай өзгертті?

Ойтаразы

Сөйлемдерді аяқтаңдар.

Мен үшін құнды.....

Мен үшін қызық.....

Мен үшін қиын.....

2 Қазақ жазуының дамуы



Бүгінгі сабақта:

- берілген тақырыпқа сай сөздерді қолданып, ауызша мәтіндер құрастырасың;
- тақырып бойынша мәлімет жинақтап, дереккөздеріне сілтеме жасайсың.



Сөздік қор

дүниетаным, емле, әліпбилік, жетілдіру, зерделеу, көшірме

1. Сөздердің мағыналарын есте сақтап, сөйлем құрастырыңдар.

дүниетаным	адамның дүниені тану мүмкіндігі мен қабілеттерінің жиынтығы; көрген-білгені, танымы, білімі
емле	орфография, дұрыс жазу және оның ережесі
әліпбилік	әліпбиге тән. Жазудың әліпбилік үлгісін, яғни таңбаның бір ғана дыбыстық (фонемаға) сәйкес келуі
жетілдіру	білгенін одан ары ұштай түсу, білмегенін толықтыру. Дамыту, өрбіту
зерделеу	еңбектің жаңа тәсілдерін жете зерделеу қажет; талдау, зерттеу
көшірме	түпнұсқа жазудан көшіріліп алынған дана

Ой қозғау




2. Қазақ жазуы туралы бейнежазбаны тамашалаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Қазақ жазуы туралы не білдіңдер?
- Жазудың даму кезеңдері туралы не айта аласыңдар?



3. Қазақ жазуының даму тарихы туралы кестедегі мәліметтермен танысыңдар, ауызша мәтін құраңдар.



4. Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қазақ жазуының даму тарихы туралы қандай ақпарат алдыңдар?
2. Қазақ жазуының даму тарихындағы өзгерістерге қандай себептер әсер етті деп ойлайсыңдар?
3. Қазақ тілінің дамуына жазу жүйесінің қандай әсері болды деп ойлайсыңдар?



5. Берілген тіркестерді қолданып, ауызша сөйлемдер құрастырыңдар.
көне түркі жазуы, араб графикасы, кирилл графикасы
6. Қазақ жазуының кезеңдерін бейнелейтін инфографика жасаңдар.

Нұсқаулық:

- әр кезеңді сипаттайтын негізгі мәліметтер болуы керек;
- әр кезең жазуының графикалық көрінісін бейнелейтін элемент болуы керек.



7. Қазақ жазуы дамуының кезеңдерінің бірін таңдап, мәлімет жинақтап мәтін құраңдар, дереккөздеріне сілтеме жасаңдар.

Нұсқаулық :

1. Тақырып таңдау.
2. Мәлімет жинақтау (*ғылыми мақалалар, энциклопедиялар, кітаптар, ғылыми сайттар*).
3. Логикалық құрылымын сақтап жазу.

Кіріспе (*Қазақ жазуы дамуының кезеңі туралы қысқаша мәлімет*).

Негізгі бөлім (*ерекшеліктері мен тарихи маңызы, жазудың қоғамға әсері, қиындықтар мен артықшылықтар*).

Қорытынды (*бұл кезеңнің қазіргі қазақ жазуы мен тілінің дамуына әсері*).

4. Өз көзқарасын білдіру.
5. Дереккөздерге сілтеме жасау.

Ойтаразы

Сөйлемдерді толықтырыңдар.

- Мен бүгін
- Маған қызықты көрінді, себебі
- Маған қиын болғаны –

Орхон-Енисей жазбаларының ерекшелігі

3



Бүгінгі сабақта:

- берілген тақырыпқа сай сөздерді қолданып, ауызша мәтіндер құрастырасың;
- мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстырып, сыни тұрғыда баға бересің.



Сөздік қор

үндес, ұлттық тәрбие, ұлттық сана, бірегейлік



1. Сөздердің мағыналарын есте сақтап, сөйлем құрастырыңдар.

үндес	мазмұндас, әуендес, сарындас (етістік ретінде: тілдесу, сөйлесу)
ұлттық тәрбие	белгілі бір ұлтқа тән жеке тұлғаның адами бейнесі, өмірге бейімдеу үшін жүргізілетін игі әрекет, тәртіп пен мінез-құлық дағдысы
ұлттық сана	ұлтты бір-бірінен ажырататын саяси-экономикалық, рухани-әлеуметтік қасиеттер жиынтығы
бірегейлік	маңдайалдылық, өзгандық, өзіндік ерекшелік



Ой қозғау



2. Сұрақтарға жауап беріңдер.



- Суретте нелер бейнеленген? Жазбаларды жазу үшін қандай табиғи материалдар қолданылған?
- Бұл жазбалар қай халыққа тиесілі? Қай кезеңге жатады?
- Сенің ойыңша, бұл жазбалардың маңызы қандай?
- Осындай тарихи мұраларды сақтау неліктен маңызды?



3. Мәтінді оқындар.

Орхон-Енисей жазбалары – түркі халықтарының ең көне жазба мұраларының бірі. Бұл жазбалар VIII ғасырда қазіргі Моңғолия жерінде өмір сүрген Түркі қағанаты тұсында жазылған. Ескерткіштер Орхон және Енисей өзендерінің бойынан табылғандықтан, тарихта осы атаумен белгілі болды. Бұл жазбалар көне түркі жазуымен, яғни руникалық таңбалармен тасқа қашалып жазылған. Жазбалардың авторлары ретінде Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк есімдері аталады. Олар ел басқарған, халқы үшін еңбек еткен тарихи тұлғалар болған.

Орхон-Енисей жазбаларының басты ерекшеліктері:

1. Тарихи дереккөз ретіндегі маңызы:

Бұл жазбаларда Түркі қағанатының құрылуы, елдің жаулармен соғысы, ішкі-сыртқы саяси жағдайлары туралы нақты мәліметтер берілген. Ол бізге түркі халқының сол кездегі өмірі мен тұрмысын білуге көмектеседі.

2. Тілдік ерекшелігі:

Орхон жазбалары – алғаш көне түркі тілінде жазылған ескерткіштер. Мұнда қазіргі қазақ тіліне жақын сөздер де кездеседі. Бұл жазбалар – түркі тілдерінің даму тарихына жол ашқан.

3. Тәрбиелік және рухани мазмұны:

Жазбаларда елге адал болу, бірлік сақтау, ата-ананы құрметтеу, ел мен жерді қорғау сияқты маңызды ойлар жазылған. Олардан ұлттық тәрбие мен ерлікке, отансүйгіштікке үндейтін терең мән көреміз.

4. Мәдени-өркениеттік деңгейдің көрінісі:

Тасқа қашап жазу, өз тарихын сақтау – көне түркілердің сауатты, дамыған ел болғанын дәлелдейді. Мұндай жазу түрі Еуропа мен Азияда сирек кездескен.

5. Ортақ мұра ретіндегі мәні:

Бұл жазбалар тек бір елдің ғана емес, бүкіл түркі халықтарының ортақ тарихи және мәдени мұрасы. Қазақстан, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан сияқты елдер бұл жазбаларды ұлттық тарихының бастауы деп есептейді.

Орхон-Енисей жазбалары – түркі жұртының тарихы мен тіліне, мәдениеті мен дүниетанымына қатысты құнды дереккөз. Бұл – бабаларымыздан қалған рухани мұра, оны зерттеу мен бағалау – әр ұрпақтың парызы. Мұндай ескерткіштер ұлттық сана мен бірегейлікті сақтауға көмектеседі.

/ Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990./



4. Берілген термин мен сөз тіркестерінің мағынасын анықтап, дәптерлеріңе жазыңдар. Әр сөзге қысқаша анықтама беріңдер.

№	Термин/ұғым	Мағынасы
1	көне түркі тілі	
2	тас ескерткіш	
3	руна жазуы	
4	құлпытас	
5	Түркі қағанаты	
6	Тәңір	



5. Орхон-Енисей жазбаларына қатысты тұлғалар мен ұғымдарды сәйкестендіріңдер.

№	Тұлғалар	Ұғымдар
1	Күлтегін	А. Орхон өзені бойынан табылған тас жазба
2	Білге қаған	Ә. Түркі әскерінің қолбасшысы, тарихи тұлға
3	Тоныкөк	Б. Түркі жазбаларын зерттеген ғалым (Дания)
4	Орхон жазбалары	В. Ақылгөй кеңесші, жазбаның авторы
5	В.Томсен	Г. Түркі қағанатының билеушісі



6. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтырыңдар.

Мәтін атауы	Негізгі мазмұны	Мақсаты	Оқырманға әсері



7. Орхон-Енисей жазбаларын бүгінгі ғаламдық мәселелермен байланыстырып, өз пікірлеріңді білдіріңдер. Орхон-Енисей жазбаларының бүгінгі күнде қандай маңызы бар екенін, олардың қоғамға әсерін сыни тұрғыда бағалаңдар.
- Орхон-Енисей жазбаларының қазіргі қазақ қоғамына қандай әсері бар?
 - Ғаламдық мәдениетте ұлттық бірегейлік пен дәстүрлерді сақтаудың маңызы қандай?
 - Орхон-Енисей жазбаларының рухани және тәрбиелік мазмұны қазіргі замандағы жастар үшін қалай пайдалы болуы мүмкін?
 - Орхон-Енисей жазбалары арқылы әлем халықтары бір-бірінің мәдениетін сақтауға қандай үлес қоса алады?
8. Өзіңді Күлтегіннің немесе Тоныкөктың орнына қойып, хат жаз. Онда мемлекетті сақтау, ұлт бірлігі туралы ойларыңды білдіріңдер.
- Қажетті сөздер:* Ел, мемлекет, тәуелсіздік, ел іргесі сөгілмеу, халық қамы, елдің бірлігі, ынтымағы, жұдырықтай жұмылу, ұлт болмысы, туған жерді қорғау, намыс, қаһарман ұлдар
9. Орхон-Енисей жазбалары туралы бірнеше сөйлемнен тұратын мәтін құрастырыңдар.
- Мәтінде:*
- Орхон-Енисей жазбаларының не үшін жазылғаны туралы айту.
 - Бұл жазбалар қай халыққа тиесілі екенін айту.

Ойтаразы

Сөйлемдерді аяқтаңдар.

Бүгін мен білдім, ...

Таңқалдырғаны ...

Есте қалғаны ...

Қиын болғаны ...

Келесі жолы білгім келетіні ...

Көне жазба ескерткіштер – ұлт жадының айғағы

4



Бүгінгі сабақта:

- эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстырып, өз ойыңды дәлелдеп жазасың;
- өздік етістің қызметін білесің, ауызша және жазба жұмыстарда қолданасың.



Сөздік қор

қаша, құлпытас, ғұламалар, сәйкестендіру, қағандық, жәдігерлік, шежіре, этногенез, тарихи деректер

1. Сөздердің мағыналарын есте сақтап, сөйлем құрастырыңдар.

қаша	мүсін жасау үшін тасты қашаумен өңдеу. Ағаш қаша, тас қаша (қоршау)
құлпытас	қабір басына орнатылатын ескерткіш тас
ғұламалар	ғалымдар, оқымыстылар
сәйкестендіру	үйлестіру, лайықтандыру
қағандық	қаған (хан) басқаратын аймақ. Мәселен, Түрік қағандығы (қағанаты)
жәдігерлік	ертеден қалған мұра, ескерткіш
шежіре	тарихи оқиғаларды жазып отыратын жылнама
этногенез	халықтың пайда болуы. Әртүрлі қауымдық топтардың негізінде қалыптасқан туыстас жаңа тайпаның, халықтың арғы тегі
тарихи деректер	өткен дәуірді, кезеңді сипаттайтын деректер (мәліметтер, ақпараттар)



Ой қозғау



2. Суретке назар аударыңдар. Бұл есімдер туралы не білесіңдер?



Тоныкөк


Білге қаған

Yulok-Taplaak

Yulok-Arjan



3. Ақпараттармен танысыңдар. Негізгі ойды бір сөйлеммен айтыңдар.



Тоныкөк – Орхон жазбаларында аты жиі аталған түркі қағанатының саяси жетекшісі әрі батыр. Ол Білге қағанның көмекшісі болған, елдің ішкі және сыртқы саясатында үлкен рөл атқарды. Оның есімі Орхон ескерткіштерінде қалған жазбаларда айтылады, ол түркі мемлекетінің құрылуына және саяси тұрақтылығына ықпал еткен маңызды тұлға.



Білге қаған – VIII ғасырда Түркі қағандығын басқарған маңызды тұлға. Оның есімі Орхон жазбаларында кездеседі, ал Білге қағанның басшылығымен түркілер көптеген саяси жеңістерге жетіп, империяның ауқымын кеңейтті. Оның таққа отыруы мен басқару кезеңі тарихта маңызды орын алады.

Орхон түркі жазба ескерткіштерінің ішіндегі көлемі мен мазмұны жағынан ең үлкені әрі аса ірі “мәңгі тас” (көне түркі тілінде – “Беңгү таш”) қатарына жататын ескерткіш кешен.



4. Тоныкөк пен Білге қаған туралы бірнеше сұрақ құрастырыңдар.

Тілдік бағдар

Етіс – іс-қимылдың орындалуында орындаушының қатысы қандай екенін білдіреді. Етістің 4 түрі бар:

1. Өздік етіс жұрнақтары: -ын, -ін, -н *Мысалы:* жу+ын+ды, ки+ін+ді, тара+н+ды

2. Өзгелік етіс (орындаушы өзге біреу)

3. Ырықсыз етіс (орындаушы белгісіз)

4. Ортақ етіс (орындаушы ортақ)

Ескерту:

1) -лан, -лен, -дан, -ден, -тан, -тен жұрнағымен жасалған туынды етістіктер **өздік** етіс мағынасында жұмсала береді (шаттан, мейірлен);

2) -лын, -лін, -ныл, -ніл жұрнақтары **ырықсыз** етіс мағынасын береді (алма желінді, жоқ ізделінді);

3) -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктер **ортақ** етіс мағынасын береді (ақылдас, қоштас, тілдес, сырлас).

Көне жазба ескерткіштердің негізгі түрлері

Руникалық жазбалар
Көне түркі жазуының негізгі үлгісі, тастан қашалып жазылған

Құлпытас жазбалары
Қайтыс болған адамның өмірі мен ерліктері туралы жазылған ескерткіштер

Шежіре жазбалары
Ұлттың тарихы, ата-тегі туралы жазылған құнды мәліметтер

5. Берілген сөйлемдерді тиісті өздік етіспен толықтырыңдар:

Күлтегін жас күнінен-ақ ел ісіне араласып, қару- жарағын, атқа қонды. (асу)

Халқы үшін жанын қиған ерлерді еске алып, жұрт(ойлау)

Батырлар елінің болашағы үшін, жауға қарсы шықты. (күю, сыю)

Тасқа қашалған әрбір таңбадан болашақ ұрпақ ата-бабаның үні мен аманатын (сезу)

Түркі халқының тарихын оқыған ұрпақ ерекше сезімге (бөлеу)

6. Берілген етістіктерді пайдаланып, өздік етіске айналдырыңдар:

Ас (өзіне қару, жабдық алды), бақ (өз еркімен мойынсұнды), сұрау, шың (өз бетімен шыңға ұмтылды), ар, намыс (ар-намысы қозды), күй (ішінен ренжіді), елеу (өзі көзге түсті).

7. «Көне жазбалар – ұлт тарихының куәсі» тақырыбына эссе (80–100 сөз) жазыңдар.

Нұсқаулық:

- эссе құрылымы мен дамуын сақтау;
- аргументтерді қолдану;
- ұсынылған шешімнің артықшылығын көрсету.

Ойтаразы

Сөйлемдерді толықтырыңдар.

Мен үшінқұнды.

Мен үшін қызық.

5

Күлтегін ескерткіші туралы не білесің?



Бүгінгі сабақта:

- тыңдалған мәтіндегі көтерілген мәселені анықтап, өз пікіріңді білдіресің.



Сөздік қор

көне, баяндау, тұтастық, ежелгі, аманат


1. Сөздердің мағыналарын есте сақтап, сөйлем құрастырыңдар.

көне	ескі
баяндайды	айтады, сипаттайды
тұтастығы	бірлігі
аманат	уәде
ежелгі	бұрынғы

Ой қозғау



2. Суреттерден нені көріп тұрсыңдар? Кімнің ескерткіші? «Ұлы түркі рухы қолдасын!» деген ұғымды қалай түсінесіңдер? Неліктен біз «көк түркі» атанғанбыз?



3. Мәтінді мұқият тыңдаңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.
 - Күлтегін ескерткіші қай жылы және қай жерде орнатылған?
 - Ескерткіш кімге арнап орнатылған?
 - Күлтегін ескерткішінің негізгі мазмұны қандай?
 - Мәтіндегі «Түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым» деген жолдың мағынасы не?

Сен білесің бе?

«Көк» – аспан түсінен шыққан және табиғатпен байланысты ұғым. Түркілер үшін көк түс «мәңгілік көк аспан» және «Тәңірімен» тікелей байланысты. Көк түс түркілердің мәдениеті мен дүниетанымында ерекше орын алады.

Қаған – түркілердің ең жоғары билеушісі. Ол жоғары мәртебеге ие болған.



4. Мәтінді тағы бір рет тыңдап, ең маңызды 3 деректі жазып алыңдар.

1-дерек:

2-дерек:

3-дерек:



5. Мәтіндегі көтерілген мәселені анықтап, өз көзқарастарыңды білдіріңдер.

Көтерілген мәселе	Менің көзқарасым

Есіңе сақта!

Перифраз (гр. periphrasis – айналым) – құбылыстар мен заттардың атына тап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып, ауыстыру тәсілі. Перифраз мәтіннің идеялық-эстетикалық және көркемдік байлығын арттырады. Мағыналық реңк пен оның әсерін күшейтеді.

Үлгі: Менің досым маған көмектесті. – Досым маған қол ұшын созды.

6. Берілген сөйлемдерге перифраз жасаңдар.

Үлгі:

Күлтегін ескерткіші – түркі халқының өткен тарихын тасқа қашап сөйлеткен асыл мұра.

Перифраз:

Күлтегін ескерткіші – түркі елінің ерлікке толы тарихын тасқа таңбалаған үнсіз шежіре. («елінің», «үнсіз шежіре», «тасқа таңбалаған» сияқты бейнелі сөздермен алмастырылған – бұл перифраз болады)

1.Күлтегін ескерткіші – түркі халықтарының ең көне жазба мұраларының бірі.

2. Ол батырлық пен ел бірлігін мәңгі есте қалдырған рухани шежіре іспетті.

3. Бұл ескерткіш арқылы көне түркі жұртының ерлігі мен даналығы бүгінгі ұрпаққа жетті.



7. Ойды әрі қарай өрбітіңдер:

1. Әр халықтың қалыптасу, даму жолында өзіне тән ерекшеліктері бар. Себебі,

2. Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдени мұраларының бірі – Күлтегін ескерткіші. Себебі,

3. Орхон-Енисей жазуына жататын маңыздылығы жағынан баға жетпес құнды дүние.....

Себебі,



8. Берілген етістіктерді өздік етіске айналдырыңдар, сөйлемдер құрастырыңдар:

Көру –

Сезу –

Жасыру –

Асу –

Ойтаразы

Сөйлемдерді толықтырыңдар.

Білемін:

Білдім:

Білгім келеді:

Күлтегін – түркі батыры

6



Бүгінгі сабақта:

- тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылап, тақырып пен көтерілетін мәселені болжайсың;
- коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойыңды жеткізесің.



Сөздік қор

«көк түркінің көк семсері», атақ-даңқы, тізе бүктіру, рухына тағзым ету

1. Сөздердің мағынасын түсініп, сөйлем құрастырындар.

«көк түркінің көк семсері»	Құтылығұлы Күлтегін (684-731ж.ж.) – екінші Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, «көк түріктің көк семсері» атанған атақты батыры. «Көк семсер» – қайтпас қайсар батырлық, болаттай, жүзі өткір
атақ-даңқы	дәреже, абырой, атақ, ар
тізе бүктіру	жеңілгенін мойындату, бас игізу, бағындыру
рухына тағзым ету	Ата-бабасына құрмет, қошемет көрсету



Ой қозғау



2. Суретте кімдер бейнеленген? Оларды қалай сипаттауға болады? Батырға тән қандай қасиеттер болу керек? Дәйексөзде көтерілген мәселені анықтаңдар.



«Күлтегін – түркі халқының ұлы батыры ғана емес, мемлекетшіл тұлға.»

/М. Мағауин/




3. Мәтінді мұқият тыңдаңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Күлтегін туралы не білдіңдер?
2. Күлтегін бар саналы ғұмырын неге арнады?
3. Білге қаған Күлтегіннің еңбегін қалай бағалаған?



4. Тыңдалым мәтінінің негізінде Күлтегін туралы 4 мәлімет жазыңдар.



5. Тыңдалым мәтінінен алынған фразаларды талқылаңдар. Фразаларды өз сөздеріңмен айтыңдар.

Күлтегін – Білге қаған дәуіріндегі түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы, «көк түркінің көк семсері» атанған атақты батыры.

Күлтегін жоқ болса, бөрің өлімші болар едің.



6. Мәтіндегі көтерілген мәселені анықтап, өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Көтерілген мәселе	Менің пікірім



7. Берілген клишелерді пайдаланып, «Көк түркінің көк семсері – Күлтегінмен сұхбат» тақырыбына тілші мен Күлтегін сұхбатын құрастырыңдар:

Армысыз, баһадүр Күлтегін! Армысың, жас ұрпақ! Құтлық қағанның кенже ұлымын, алғашқы жорықтар, Отанға деген махаббат, үлкен сенім мен құрмет, халық мүддесі.

Өз тарихыңды біл. Тегіңді ұмытпа. Аманатқа адал бол. Батырлық, рух символы (нышаны).

Нұсқаулық:

- тақырып бойынша сөйлеу;
- берілген клишелерді қолдану;
- сұрақ пен жауаптың толық, нақты болуы;
- интонация мен логикалық екпінге назар аудару.

8. Батырлық туралы мақалдарды сәйкестендіріп, жаттап алыңдар:

1	Батыл болсаң,	А	Балқұрақ – көлдің сәулеті.
2	Батыр – елдің сәулеті,	Ә	батырлықтың сауыты.
3	Батырға оқ дарымайды,	Б	батыр да боласың.
4	Болат қайнауда шынығады,	В	Батылға жау жоламайды.
5	Батылдық –	Г	Батыр майданда шынығады.

9. Түрлі дәуір батырларын салыстыра отырып, олардың ерекшелігін көрсетіңдер.

Батырлар	Ортақ қасиеттері	Ерекшеліктері
Күлтегін	Мысалы: ел қорғау, ерлік	Мысалы: тарихи жазбада мәңгі қалуы
Қобыланды батыр		
Бауыржан Момышұлы		
Райымбек батыр		

10. Батырлар туралы сұрақтарға жауап беріңдер:

- Бүгінгі күннің қандай батырларын білесіңдер?
- Батырларға тән қандай мінез болу керек?
- Аталған батырлар қандай әрекеттері арқылы ел есінде қалды?
- Қазіргі заманда мұндай батырлық қажет пе?

Ойтаразы

Не білдім?

Не қиын болды?

Нені білгім келеді?

7

Күлтегін жырындағы ел бірлігі мен ұлт рухы



Бүгінгі сабақта:

- орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдап, көтерілген мәселені анықтайсың, өз пікіріңді білдіресің;
- тақырып бойынша мәліметтер жинақтап жазуда, дереккөздерге сілтеме жасайсың.



Сөздік қор

ел бірлігі, ұлт рухы, сауыт, сия, жүйелеу, үңілу




1. Сөздердің мағыналарын есте сақтап, сөйлем құрастырыңдар.

ел бірлігі	халықтың татулығы, ынтымағы, бір мақсатқа бірігуі
ұлт рухы	халықтың ішкі күші, рухани құндылықтары мен ұлттық сана-сезімі
сауыт	ертеде жауынгерлер киген қорғаныш киім; ауыспалы мағынада – қорған
сия	жазу жазуға арналған сұйық зат (қаламға құйылатын бояу)
жүйелеу	ретке келтіру, тәртіппен орналастыру
үңілу	бір нәрсеге терең назар аудару, мұқият қарау, зерттеу

Ой қозғау

2. Ой қозғау. Берілген сөздерге ассоциативті қатар толтырыңдар.



Сен білесің бе?

«Күлтегін» жыры (үлкен жазу) жер мен көктің және адам баласының жаралуы туралы философия толғаудан басталады (биікте Көк төңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған). «Күлтегін» жырының басты идеясы – түркі халқын ауызбірлікке, сыртқы жауға қарсы ұйымдасқан күреске, ежелгі ата-баба жолы мен салт-дәстүрін берік ұстауға үндеу болып табылады. Жыр соңында Күлтегін батыр қайтыс болғанда, бүкіл түркі халқы қатты қайғырып, аза тұтқаны, оны жоқтап, жерлеу салтанатына әлемнің төрт бұрышынан көптеген атақты адамдар – елшілер, батырлар, бектер, тас қашайтын шеберлер, т.б. келгені айтылады. «Күлтегін» жыры – елдің ішкі бірлігін жыр еткен, идеялық мазмұны терең, көркемдік дәрежесі биік поэзиялық туынды.



3. Үзіндіні мұқият тыңдаңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.

Жыр кім туралы?

Күлтегін халқы үшін не істеді?

Жырда қандай мәселе көтерілген?

Жырдың идеясы қандай?

Батырлар ісіне сипаттама беріңдер.



4. Үзінді бойынша пікірлеріңді жазып, кестені толтырыңдар.

Ұғым, түсінік	Менің пікірім
Күлтегін жыры мен ұлт рухы	
Күлтегін жыры мен ел бірлігі идеялары	

Есте сақта!



Жыр – қазақ поэзиясының жанрлық түрі, түпкі, негізгі мағынасында өлеңмен баяндалатын, жырлап айтатын уақиғалы, көлемді поэзиялық шығарма (батырлық жыры, эпостық ғашықтық жырлар).

Жырау – өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дас-тандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Жы-рау атауы «жыр» сөзінен туындайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында жы-раулар халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарды.



5. Дебат/пікірталас:

«Бүгінгі қоғамда ұлт рухы сақтала ма?» Оқушылар екі топқа бөлінеді.

Аргументтерінде «Күлтегін» жырынан мысал келтіру:

I топ – бұл пікірмен келіседі.

II топ – қарсы дәлел келтіреді.



6. «Батыр үндеуі» – монолог жазу.

Күлтегіннің атынан бүгінгі ұрпаққа үндеу жазыңдар.

– Ел бірлігі мен ұлттық рух туралы не айтар едіңдер?

– Қандай кеңес берер едіңдер?

(Оқушылар үндеуді сахналық түрде оқи алады).

Ойтаразы

Сөйлемдерді толықтырыңдар

Білемін:

Білдім:

Білгім келеді:

8 Көне түркі жазуын зерттеушілер



Бүгінгі сабақта:

- ғылыми стильде (мақала) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдайсың;
- өздік етістің қызметін анықтап, ауызша және жазба жұмыстарда қолданасың;



Сөздік қор

дәуір, нұсқа, дыбысталу, Тәңір, құпия

1. Сөздердің мағыналарын есте сақтап, сөйлем құрастырыңдар.

дәуір	тарихтағы немесе өмірдегі белгілі бір уақыт бөлігі, кезең, заман
нұсқа	бір нәрсенің бірнеше түрінің бірі, өзгерген қалпы
Тәңір	көне түркілердің наным-сеніміндегі ең жоғарғы Құдай, аспан иесі
дыбысталу	әр таңбаның өз дыбысталуы бар; айтылуы, үн шығарылуы
құпия	тек белгілі адамдарға ғана белгілі, жасырын, жарияланбаған нәрсе

Ой қозғау



2. Анаграмманы шешу арқылы ғалымдардың есімін табыңдар.



1. ЛОРДВА → _____ (Жауабы: ...)
2. НЕМСТО → _____ (Жауабы:)
3. ОЙАРАДВ → _____ (Жауабы:)
4. МАЖЕБҰАВ → _____ (Жауабы:)
5. ОВОНОНҚ → _____ (Жауабы:)



3. Мәтінді мұқият оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Көне түркі жазуы – Орхон, Енисей, Талас өзендері жағалауында VI – X ғасырларда қолданылған руникалық жазу жүйесі. Бұл таңбалар – тасқа, металлға, ағаш пен сүйекке ойылып, халық

тарихын, тұрмысын, саясатын, батырлық ерліктерін сақтап қалған құнды мәдени мұра.

Көне түркі жазуын ғылыми айналымға енгізіп, оның құпиясын ашқан негізгі ғалымдардың бірі – Вильгельм Томсен. 1893 жылы Томсен Орхон жырларына қарасты жазулардағы «Түрік» және «Төңір» сөздерін оқып, жазудың түркі жазуы екендігін дәлелдеді.

Одан кейін Орхон, Енисей және басқа жазба ескерткіштерді зерттеген ғалымдар қатарында В. В. Радлов, П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов секілді түркітанушы зерттеушілер бар. Олар мәтіндерді транскрипциялап, аударып, көне түркі жазу жүйесінің графикасы мен фонетикасын талдауда маңызды рөл атқарды.

Қазақстандық ғалымдар да бұл бағытта үлкен еңбек етіп келеді. Алтай Сарсенұлы Аманжолов – көне түркі жазуының теориясы, тарихы мен эпиграфикалық деректеріне қатысты еңбектерімен танымал. Оның «Көне түркі жазуының тарихы мен теориясы» атты монографиясы қазақ ғылымында елеулі орын алған.

Сонымен қатар Ғ. Айдаров, Ә. Қайдар сынды түркітанушылар да көне түркі жазуын зерттеуде ғылыми үлестерін қосып жүр.

Көне түркі жазуын зерттеушілердің жұмыстары тек мәтін аударумен шектелмей, жазудың пайда болу тарихын, таңбалардың үлгісін, фонетикалық жүйесін, қолданылған материалдарын, графикалық қалыптасуын, әрі әдеби стилін де жан-жақты қарастырады.

Көне түркі жазуын зерттеу – түркологиядағы маңызды бағыттардың бірі. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбегі, археологиялық табындылар, тас ескерткіштер, жазба мәтіндер қазақ халқына ғана емес, бүкіл түркі дүниесіне ортақ мәдени мұраларды түсінуге көмектеседі.

*/ «Көне түркі жазуы, яғни руна жазуы» деп аталатын
Орхон жазба ескерткіштері...». arqau.kz/*



1. Руникалық жазу жүйесі қай ғасырларды қамтиды?
2. Жазулар қайда жазылған?
3. Күні түркі жазба ескерткіштерді зерттеген ғалымдар?



4. Ғалымдар туралы қысқаша мәлімет бере отырып, зерттеушілер туралы кестені толтырыңдар:

Зерттеуші есімі	Қандай еңбегімен танымал?	Маңызы неде?
В. Томсен		
В. Радлов		
А.Аманжолов		
Ғ. Айдаров		



5. Ақпарат бойынша шын/жалған екенін анықтаңдар:

Ақпарат	Шын / Жалған
1. В. Томсен Орхон жазуын қытай тілімен салыстырды.	
2. Ғ. Айдаров – қазақ тіліндегі көне түркі жазуын зерттеген ғалым.	
3. Орхон жазуын алғаш оқыған — Вильгельм Томсен.	
4. В. Радлов – түркі жазуының кейбір тұстарын бұрмалауға тырысқан.	
5. А. Аманжолов – көне түркі жазуының теориясы, тарихы мен эпиграфикалық деректеріне қатысты еңбек жазған.	



6. Түркі жазбаларын зерттеген бір зерттеуші туралы постер жасап, қорғаңдар:

- өмірі мен ғылыми жолы
- ашқан жаңалығы
- түркітануға қосқан үлесі



7. Берілген ғылыми мәтінді оқып, оның ғылыми стильге тән ерекшеліктерін анықтаңдар.

- Мәтінде кездесетін терминдерді бөліп көрсетіңдер.
- Ғылыми мақала құрылымының негізгі бөлімдерін атап, әр бөліктің мазмұнын қысқаша түсіндіріңдер.
- Берілген тақырыпқа қатысты 5-6 ғылыми терминді тауып, олардың анықтамаларын жазыңдар, сөйлем ішінде қолданыңдар.



8. Сөйлемдерді өздік етісті пайдалана отырып, жалғастырыңдар:

1. Ғалым бұл жұмысқа қатты қызықты, өйткені...
2. Жазуды түсіну үшін ол өз бетімен...
3. Ғылым жолында өздігінен...
4. Жазу тасы арқылы ғалымдар өздігінен...
5. Мен болашақта өз бетіммен...



9. Жасанды интеллектің көмегімен көне жазу зерттеушілері туралы ақпарат тауып, маңызды 3-4 фактіні өз сөздеріңмен жазыңдар.

Ойтаразы

Сөйлемдерді толықтырыңдар.

Мен үшін қиын болды.

Мен үшін..... қызық болды.

Жазу мәдениетінің реформаторы 9-10



Бүгінгі сабақта:

- коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойыңды жеткізесің.



Сөздік қор

әліпби, реформатор, өркениет, бірегей, сауат

1. Сөздердің мағыналарын есте сақтап, сөйлем құрастырыңдар.


әліпби	тілдегі барлық дыбыстарды белгілеуге арналған әріптер жүйесі
реформатор	бір нәрсені өзгертуші, қайта құрушы; жаңашыл, өзгеріс енгізуші
өркениет	қоғамның тарихи, мәдени және рухани даму сатысы; даму деңгейі
бірегей	ерекше, қайталанбас, тек бір ғана
сауат	оқу мен жазуды білетін қабілет, білім деңгейі



Ой қозғау



2. Суретте қандай тұлғалар бейнеленген? Олардың қазақтың жазу тарихындағы рөлі қандай? Өр тұлға жайлы не айта аласыңдар?



Сен білесің бе?



Жазу – адамзат өркениетінің ұлы жетістігі. Ол арқылы адам баласы ойын, білімін, мәдениетін, тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізді. Алайда жазудың өзі де ғасырлар бойы өзгеріп, жетіліп отырды. Бұл өзгерістерге себепші болған – **реформаторлар**, яғни жазу жүйесіне жаңалық енгізген тұлғалар.

Осындай реформаторлардың бірегейі – **Ахмет Байтұрсынұлы**. Ол – қазақ халқының ұлттық әліпбиін жасап, сауат ашу жолында бар ғұмырын арнаған ұлы тұлға. ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамы сауатсыздықпен, білімсіздікпен бетпе-бет келіп тұрған кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы **араб жазуын қазақ тіліне бейімдеп**, дыбыстық жүйеге негізделген **«төте жазу»** үлгісін жасады. Бұл жазу қазақ халқына оқу, жазу, білім алу ісін жеңілдетті.

А.Байтұрсынұлы **«Оқу құралы», «Тіл-құрал»** сияқты оқулықтар жазып, мектептерде оқытты. Ахмет Байтұрсынұлы жазуды ұлттың рухани қазынасы, мәдени коды деп білді. Оның еңбегінің арқасында қазақ халқы өз тілін тануға, сауат ашуға, газет-журнал оқуға мүмкіндік алды.

3. Мәтінді мұқият оқыңдар.

Қазақ жазу мәдениетінің реформаторы – **Ахмет Байтұрсынұлы**. Ол қазақ халқының жазба тілін дамытуға үлкен үлес қосқан көрнекті ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін зерттеп, араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін жетілдірді. Бұл әліпби кейін **«төте жазу»** деп аталды.

Ахмет Байтұрсынұлы жасаған әліпби қазақ халқының сауатын ашуға мүмкіндік берді. Ол артық әріптерді алып тастап, қазақ тіліне тән дыбыстарға арнайы таңбалар енгізді. Соның нәтижесінде жазу жүйесі жеңіл әрі түсінікті болды.

Ғалым тек әліпби жасаумен шектелмей, қазақ тіл біліміне арналған алғашқы оқулықтарды жазды. **«Әліпби», «Тіл-құрал»** еңбектері арқылы қазақ тілінің ғылыми негізін қалады. Ахмет Байтұрсынұлының реформасы қазақ жазу мәдениетінің дамуына зор әсер етті.



4. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер:

- Ахмет Байтұрсынұлы қандай жазу реформасын жасады?
- Жазу реформасы не үшін қажет болды?
- Жазу мәдениетіне үлес қосқан өзге тұлғаларды атаңдар.
- **«Жазу – ұлттың жаны»** деген пікірге сенің көзқарасың қандай?



5. Берілген сөйлемдегі логикалық екпінді дәлелдендер:

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиін жетілдіріп, жазу мәдениетін жаңа деңгейге көтерді.

• Екпін түсуі керек сөздер: жетілдіріп, жаңа деңгейге көтерді
(себебі бұл – нәтижені білдіреді)

Тапсырма:

- сөйлемді 2 кідіріс арқылы оқыңдар;
- неліктен дәл осы сөздер маңызды екенін түсіндіріңдер.



6. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап, берілген сөздерден сөйлемдер құрастырыңдар. Интонацияны өзгертіп сөйлемдерді оқыңдар.

а) әліпбиін, ұлттық, жасап, ол, жолында, сауат ашу, бар, арнады, ғұмырын

ә) жасады, үлгісін, «төте жазу», Ахмет Байтұрсынұлы

б) ұлы жетістігі, өркениетінің, адамзат, жазу



7. Берілген сөйлемдерді дұрыс оқып, дұрыс жеткізіңдер:

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазу мәдениетінің реформаторы. Ол қазақ әліпбиін жасап, халықтың сауатын ашуға жол ашты.

Тапсырма:

1. Мәтінді алдымен жай ырғақпен оқы.

2. Қайта оқығанда:

- маңызды сөздерге логикалық екпін түсір (реформаторы, әліпби, сауат);
- сөйлем соңында кідіріс жаса.

3. Қай нұсқада ой анық жеткізілді? Түсіндір.



8. Ахмет Байтұрсынұлының «Әліпбиі жоқ ел – тілі жоқ елмен тең» деген дәйексөзіне пікір білдіріңдер.

- мағынасын ашыңдар;
- қазіргі қоғаммен байланыстырыңдар (5–6 сөйлем).

Ойтаразы

Сұрақтарға жауап беріңдер.

Не білдім?

Не қиын болды?

Нені білгім келеді?

11 Нәтиже сабақ



Бүгінгі сабақта:

- коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойларыңды жеткізесің;
- құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстырып, өз ойларыңды дәлелдеп эссе жазасың.

Ой қозғау



1. Сөйлемдерді оқып, өз ойларыңды айтыңдар.

«Орхон жазуы – рухани мұра».

«Күлтегін – өткеннің үні, бүгіннің ілімі».



2. Мәтінді интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін келтіріп оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Мәтін:

Орхон-Енисей жазбалары – түркі халықтарының ең көне жазба мұраларының бірі. Бұл ескерткіштер VIII ғасырда қазіргі Моңғолия жерінде орналасқан Орхон және Енисей өзендерінің бойында тасқа қашалып жазылған. Ең танымал жазбалар – Күлтегін, Тоныкөк және Білге қағанға арналған ескерткіштер. Бұл жазуларда түркі халқының тарихы, батырлық рухы мен ел басқару жүйесі туралы мәліметтер берілген.



Сұрақтар:

1. Орхон-Енисей жазбалары қай ғасырда жазылған?
2. Бұл жазбалар қай жерлерде табылған?
3. Ескерткіштер кімдерге арналған?
4. Жазбаларда не туралы айтылады?



3. Берілген жазу түрлерін қазақ жазуының даму кезеңіне қарай хронологиялық ретпен орналастырыңдар:

1. Араб жазуы
2. Латын графикасы (1929–1940)
3. Орхон-Енисей жазуы
4. «Төте жазу»
5. Қазіргі кирилл әліпбиі

4. Терминдерді анықтамасымен сәйкестендіріңдер.

Термин	Анықтамасы
1. Күлтегін	А. Түркі қағанатының даңқты қолбасшысы
2. Руна жазуы	Ә. Ежелгі түркі жазуының бір атауы
3. Ескерткіш	Б. Мәдени, тарихи мәні бар тасқа қашалған жазу
4. Реформатор	В. Жаңа өзгеріс енгізуші тұлға

Жауабың:

1 - ..., 2 - ..., 3 - ..., 4 - ...



5. Орхон-Енисей жазбаларын сақтау мен зерттеудің маңыздылығы туралы өз ойларыңмен бөлісіңдер:

Мазмұн бағыттары:

- Орхон жазуының құндылығы
- Бүгінгі ұрпақтың міндеті
- Рухани жалғастық



6. Берілген эссе талаптарын ескеріп, «Қазақ жазуының дамуы: тарихы, қиындықтары мен болашағы» тақырыбына эссе жазыңдар.

- эссе құрылымын сақтау;
- шешімін ұсыну;
- артықшылықтары мен кемшіліктерін айту.



7. Сызбада берілген сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрастырыңдар. Интонацияны өзгертіп, сөйлемдерді оқыңдар.

Сөз	Сөз тіркесі	Сөйлем
құлпытас		
дүниетаным		
дәуір		
әліпбилік		
жан-жақты		
сәйкестендіру		
дыбысталу		
зерделеу		
үндесу		
жетілдіру		

Ойтаразы

Сөйлемдерді толықтырыңдар.

- Мен үйрендім.
- Мен есіме сақтадым.
- Мен түсіндім.
- Болашақта қолданамын.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

I. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ

1. Қазақ жазуының шығу тегі	6
2. Қазақ жазуының дамуы	10
3. Орхон-Енисей жазбаларының ерекшелігі	13
4. Көне жазба ескерткіштер – ұлт жадының айғағы.....	17
5. Күлтегін ескерткіші туралы не білесің?.....	20
6. Күлтегін – түркі батыры	23
7. Күлтегін жырындағы ел бірлігі мен ұлт рухы.....	26
8. Көне түркі жазуын зерттеушілер.....	28
9-10. Жазу мәдениетінің реформаторы	31
11. Нәтиже сабақ.....	34

II. ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛАУШЫ.

M.Мақатаев «Ертең біз жол жүреміз»

12. Сапарға шығу – рухани жолдың басталуы.....	37
13. Жол мен жолаушы	39
14. Жол ережесін сақтау – өмірді сақтау	41
15. Қоғамдық орындардағы сөйлеу мәдениеті.....	44
16. M.Мақатаев «Ертең біз жол жүреміз»	47
17. Сапарға қатысты салт-дәстүрлер	49
18. Жолың болсын, жолаушы	53
19. Жолаушы мен қонақ.....	56
20. Нәтиже сабақ.....	59

III. КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІ.

Қазақтың халық күнтізбесі. I.Есенберлин «Көшпенділер»

21. Көшпенділер тұрмыс-салты	61
22. Көшпенділердің күнкөрісі	64
23. Көшпелілер мәдениеті.....	67
24.Қазақтың халық күнтізбесі	70
25. Халық ұғымындағы уақыт өлшемдері	73
26. Жыл санау мен жыл қайыру	76
27-28. I.Есенберлин «Көшпенділер» (үзінді).....	78
29. Жауынгерлік өмір мен ерлік жолы	81
30. Көшпенді рухы – бүгінгі ұрпаққа аманат.....	84
31. Тоқсандық жиынтық бағалау.....	85
32. Нәтиже сабақ.....	86

IV. ЗАҢ – ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

А.Сейтақ «Азат елдің ар-намысы – Ата Заң»

33. Қоғам және құқықтық мәдениет.....	89
34. Құқықтық мемлекет қандай болады?	94
35. Құқықтық сауаттылықты қалай түсінесің?.....	97
36. Заң жайлы не білесің?	99
37. Жеті жарғы туралы білесің бе?	102
38. Айбатыр Сейтақ «Азат елдің ар-намысы – Ата Заң»	105
39. Айбатыр Сейтақ «Азат елдің ар-намысы – Ата Заң»	107
40. Ата Заң бізге не береді?	110
41. Қоғамдық тәртіп пен заң ережелері.....	114
42. Нәтиже сабақ.....	118

V. ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ КЕҢІСТІГІ.

М.Жұмабаев «Түркістан» өлеңі

43. Түркі әлемі.....	123
44. Түркі тілдерінің жақындығы	126
45. Түркі әлемінің рухани құндылықтары	128
46. Түркі әлеміндегі ұлы тұлғалар	131
47. Түркілердің әлемдік мәдениетке ықпалы.....	134
48. Түркістан – ер түркінің мекені	137
49. Түркістан – тынысы жас қала	140
50-51. М.Жұмабаев. «Түркістан» өлеңі.....	143
52. Нәтиже сабақ.....	146

VI. ЖАСТАР ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ.

Қ. Аманжолов «Жас дәурен»

53. Жастар және қоғам.....	149
54. Бұқаралық ақпарат құралдары	152
55. Ақпараттық сауаттылық.....	155
56. Қазақ баспасөзінің өткені мен бүгіні	158
57-58. Қасым Аманжолов «Жас дәурен»	160
59. Қазақ радиосы және жастар.....	163
60. «Қазақстан» Ұлттық телеарнасы	167
61. Ақпарат құралдарының ықпалы және жауапкершілік	170
62. Жастар-болашақ иесі	172
63. Тоқсандық жиынтық бағалау.....	174
64. Нәтиже сабақ.....	175
Лексика-грамматикалық минимум.....	177
Оқулықтың 1-бөліміне енгізілетін тыңдалым мәтіндері	186
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	202